

- 7 Syzdyk R. Metaphor and the Ethnocultural Identity of the Kazakhs. - Almaty: Linguistics, 2012. - 210 pages.
- 8 Arutyunova, N. D. Language and Culture. Moscow: Nauka, 1997. 384 p.
- 9 Wierzbicka, A. Semantics and Cognitive Grammar: Translation and Commentary. Moscow: Progress Linguistic Center, 1992. 256 p.
- 10 Ueli B. Linguocultural Analysis of the Kazakh Language Picture of the World. - Astana: Nauka, 2014. - 196 p.
- 11 СмагуловаБ. Қазақтіліндегітілдікконцепттер. - Алматы: Атамұра, 2008. - 224 б.
- 12 КастельсМ. The Rise of the Network Society. - Oxford: Blackwell, 1996. - 738 p.
- 13 ТёрклШ. Alone Together: Why We Expect More from Technology and Less from Each Other. - New York: Basic Books, 2011. - 336 p.
- 14 Urazaeva K.B., Razumovskaya V.A., Zharkynbekova S.K., Idrisova E.T. Kazakh Rhetorical Ideal and Worldview. Description of Identity Journal of Siberian Federal University - Humanities and Social Sciences// №17(10), 2024. -p.48-69. Available at: URL:<https://www.scopus.com/pages/publications/85209354745?origin=resultslist>(accessed 29.12.2025).
- 15 Afanasyeva N.A. Russian poetic picture of the world: linguistic approach // Philological Class, 25(4), 2020. p.80–87. Available at: URL:<https://www.scopus.com/pages/publications/85153372625?origin=resultslist>(accessed 29.12.2025).

Received: 29.12.2025

FTAMP 16.21.33

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp38-51](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp38-51)

Қ.Т. Бибекөв¹, Л.М. Оразғалиева², Г.Ж. Мауленова²

¹Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, 010000, Қазақстан

²Astana IT University, Астана, 010000, Қазақстан

АБАЙ ТІЛІНДЕГІ «КҮЛКІ» КОНЦЕПТІСІНІҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Мақалада Абай тіліндегі «күлкі» концептісінің репрезентациясы, мағыналық-құндылықтық қырлары және оның қазақ қоғамындағы күлкіге берген сыни бағасы аксиолингвистикалық тұрғыдан талданады. Зерттеудің негізгі нысаны – Абай тіліндегі «күлкі» концептісінің семантикалық құрылымы мен оның мәдени-аксиологиялық жүктемесі.

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі «күлкі» концептісінің физиологиялық және әлеуметтік-мәдени сипаты айқындалып, Абай дүниетанымындағы күлкінің орны мен мәні бағалау категориялары арқылы сараланады. Ақын шығармаларындағы күлкі феноменін талдау кезінде аксиологиялық бағыттың негізгі қағидаттары басшылыққа алынды. «Күлкі» концептісімен байланысты лексемалардың мағыналық құрылымын анықтауда семантикалық талдау және концептуалдық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері Абай тілінде «күлкі» концептісінің екіұдай (антиномиялық) құбылыс ретінде көрінетінін дәлелдейді. Біріншіден, күлкі антиқұндылық ретінде танылады. Бұл қатарға Абай сыни бағалаған арзан күлкі мен бояма күлкі жатады. Арзан күлкі – сауық-сайранға, жеңіл шаттыққа берілудің, уақытты мәнсіз өткізудің көрінісі болса, бояма күлкі – ортаға жағымпаздану, басқалардың назарын аудару, сүйкімді көріну мақсатында жасалатын жасанды әрекет. Аксиологиялық тұрғыдан мұндай күлкі екіжүзділікпен, пайдакүнөмдікпен, манипулятивтік ниетпен ұштасып, теріс бағаланады.

Екіншіден, күлкі құндылық ретінде шын күлкі ұғымымен байланыстырылады. Шын күлкі адамның рухани болмысынан туындайтын, ішкі жан тебіренісінің табиғи көрінісі ретінде сипатталады және позитивті аксиологиялық мәнге ие.

Зерттеу нәтижелерін аксиолингвистика мен лингвомәдениеттану салаларындағы ғылыми ізденістерде пайдалануға болады. Сонымен қатар мақала Абайтанудың тіл білімімен тоғысатын бағыттарын тереңдетуге үлес қосып, қазақ тіліндегі бағалауыш концептілерді зерттеуге теориялық негіз ұсынады.

Кілт сөздер: аксиолингвистика, концепт, күлкі, құндылық, антиқұндылық, лексема, семантика, бағалау.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Абай қазақ ұлтының тілдік-мәдени ортасында өсіп жетілді. Абайдың дүниетанымының, құндылықтарының қалыптасуына қазақ ұлтының құдай, әлем, адам, қоғам туралы дүниетанымы өз әсерін тигізді. Абайдың рухани әлемінде қазақ халқының құндылықтары негізгі орын алады деп санауға болады. Сонымен бірге Абайдың дүниетанымына ислам мәдениеті, исламдық шығыс мәдениеті, орыс мәдениеті өз ықпалын тигізді деп болжай аламыз. Абай қазақ тілінің бар байлығын, құндылығын өз бойынан өткізіп, биік көркемдік-эстетикалық талғаммен алып, өз шығармаларын тудырды. Абай тілді, тіл арқылы көрініс табатын құндылықтар жүйесін жаңаша бағамдап, жаңа сапаға жеткізді. Абай шығармашылығында қазақ халқының тарихи-мәдени көзқарастары, дүниетанымы, құндылықтар жүйесі ерекше айқын көрініс табады. Сонымен бірге Абайдың ой-санасының сүзгісінен өткенде тілдік бірліктер, соның ішінде сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы тереңдеп, қайта жаңғырығып, мазмұн жағынан байи түседі. Абай тілінде концептілер зат-бейнелік, мәдени-ұлттық мазмұны жағынан кеңумен бірге нақтылана түседі.

Қазіргі заманғы өзгерістер мен виртуалды шындықтың адам түсінігіне қалай ықпал етіп жатқаны туралы зерттеушілер былайша ой түйеді: «Адам – өзін-өзі танушы адам, мұқият зер сала, белсенді танымның нысанына айналды. Сонымен бірге қоршаған әлемді бағалау, бір жағынан – субъективті, екінші жағынан – прагматикалық болып барады» [1,11] Абай ұлттың құндылықтар жүйесін де, дүниетанымын да өз тұрғысынан, парасат биігінен, «көрген-білгенін әділет пен ақылға сынатып» бағалап, өзіндік құндылықтар жүйесін ұсынады.

И. Р. Гальперин мәтіннің лексикалық құрылымындағы аксиологиялық компоненттің маңыздылығына тоқталып, эстетикалық құндылығы жоғары мәтіндердің ақпараттық қуаты да жоғары болатынын айтады [2, 27]. Абай шығармаларының мәтініне үңілген кезде эстетикалық құндылығы жоғары болумен бірге, мағынасы да терең екенін көреміз.

«Тіл тек адам мәдениетінің ажырамас бөлігі ғана емес, сонымен қатар құндылықтар, моральдық қағидалар және әлеуметтік нормаларды бейнелейтін күрделі жүйе болып табылады. Аксиологиялық лингвистика — тіл және оның құндылық жүйесін зерттейтін сала болып, тілдің лингвистикалық, мәдени және моральдық өлшемдерін қарастырады» [3]. Аксиология тілдердің бағалау мен мәдени мағыналарды қалай кодтайтынын түсінудің негізгі параметрін қамтамасыз етеді [4].

Абай өзін қоршаған әлемді терең тану, шындық болмысқа сын көзімен қарауды өзін-өзі бағалаудан, сынаудан бастайды. Өзінің тұлға ретінде қалыптасу үдерісіндегі өз басындағы олқылықтарды «Жасымда албырт өстім ойдан жырақ» деп айтумен бірге, өзінің өскен ортасы, қазақ қоғамы, жалпы адамзат болмысы туралы қалыптасқан стереотиптерге тәуелсіз ой қорытып, баға береді. Бұл арада Абайдың дүниетанымына қоғамдағы өзгерістер мен білімі де өзіндік ықпал етті. Ақын қазақ қоғамында қалыптасып қалған ұғым-түсініктер мен көзқарастарды сынаудағы мақсаты кез келген құбылысқа ақыл көзімен қарап, өзінше ой қорытуға итермелеу болды.

Ақыл сенбей сенбеңіз,

Бір іске кез келсеңіз.

Ақсақал айтты, бай айтты,

Кім болса, мейлі, сол айтты –
Ақылменен жеңсеңіз.

Абай қазақ қоғамын ата-баба жолы осы деп, қалыптасып қалған жосыққа көзсіз ере беру жарға жығатынын түсінді. Жаңа заманда, ең алдымен, қоғамдық сананы өзгерту қажет деп тапты. Қазақ қоғамы ата жолына емес, ақылға сенгенде ғана заман көшінен қалмайды. Сондықтан да Абай қоғамдық құндылықтарды, рухани құндылықтарды ой елегінен өткізіп, жаңа тұжырымдама ұсынды. Абай тілін аксиологиялық тұрғыдан талдағанда бұл мәселені тереңрек тануға болады.

КІРІСПЕ

Абай өз шығармашылығында *әділет, ақыл, жүрек, қайрат, иман, шапағат* сияқты т.б. терең философиялық мәні бар ұғымдармен бірге, *ерлік, жалқаулық, мақтан, құлық* сияқты т.б. ұғымдарды да қайта бағалап, ұлттық танымнан өзгеше ой түйеді. Сондай ұғымдардың қатарында *күлкіні* де атай аламыз. Мақалада Абай тіліндегі «күлкі» концептісінің аксиологиялық сипатын талдауды мақсат еттік. Үстірт ой жүгірткенде, «күлкі» концептісі қарапайым болып көрінуі мүмкін. Алайда «күлкінің» тілдегі көрінісіне мән берсек, алуан-түрлі мағыналық қырлары бар екенін аңғарамыз.

Қазақ тіліндегі «күлкі» концептісі физиологиялық және әлеуметтік-мәдени сипатына қарай әр түрлі сөз тіркестерін жасауға қатысады. Физиологиялық сипатына қарай: *ашық күлкі, сақылдаған күлкі, сыңғыр күлкі, күміс күлкі, лекітпе күлкі, ырқылдаған күлкі, қарқылдаған күлкі, ықылық атқан күлкі* сияқты т.б. Осы күлкі түрлерінің өзінде коннотациялық-бағалауыштық семаларының бар екенін анық байқауға болады: *ашық күлкі, сақылдаған күлкі, сыңғыр күлкі, күміс күлкі* – жағымды бағалау мағынасы болса, *лекітпе күлкі, ырқылдаған күлкі, қарқылдаған күлкі, ықылық атқан күлкі* – жағымсыз мағыналық бояу бар. Әлеуметтік-мәдени сипаты жағынан *сәби күлкісі, әйел күлкісі, қыздың күлкісі, еркектің күлкісі* сияқты т.б. түрлері бар. Тұлғаралық қатынас тұрғысынан қарағанда: *ризалық күлкісі, жағымпаз күлкі, мысқыл күлкі* сияқты т.б. Демек, күлкі ұғымы адамның психо-эмоционалдық күйімен, тілдік-әлеуметтік қарым-қатынаспен байланысты қаралады екен., Нұргелді Уәли былай деп: «Ұғым мен концептінің мағынасы тепе-тең емес. Ұғым белгілі бір объектінің танылған аса мәнді белгілерінің жиынтығы болса, концепт – мазмұн межесі жағынан объект туралы барлық білімнің жиынтығы, ал тұрпат жеке тұрғысынан тілдік бірліктердің (лексикалық, фразеологиялық, паремеологиялық т.б.), құралдардың жиынтығы болып табылатын ментальды, ұлттық ерекшеліктерді танытатын құрылым.» – деп, концепт пен ұғымның ара жігін ажыратып береді [5].

«Күлкі» концептісін лингвистикалық тұрғыдан зерттеген Н.С. Куприянова мына жағдайлар назарда болу керегін айтады: 1) күлкі адамның эмоционалдық саласымен байланысты, эмоциялық күйді білдірумен байланысты психофизиологиялық реакция; 2) күлкі – адам санасы қызметінің нәтижесі; 3) күлкі – коммуникацияның бейвербалды таңбасы; 4) тілде күлкі (бейвербалды таңба) тілдік экспликация алады; 5) әр түрлі грамматикалық топтарға жататын сөздермен берілетін күлкі атауларының семантикалық және грамматикалық әлеуеті бар [6].

Қазақ тіл білімінде Абай тіліндегі «күлкі» концептісі лингвистика, соның ішінде аксиологиялық лингвистика тұрғысынан арнайы зерттелмеген. Сондықтан да Абай тіліндегі «күлкі» концептісін аксиолингвистика тәсілдемесінде зерттеуді аса қажет деп санаймыз. Абай қазақ қоғамындағы күлкіге сын көзімен қарап, ерекше бағамдаулар жасайды. Мақалада Абай тіліндегі «күлкі» концептісінің репрезентациясы мен мағыналық қырларын анықтап, қазақ қоғамындағы күлкіге берген сыни бағасы мен өзіндік пайымдауларын талдайтын боламыз.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде «күлкі» концептісіне тән сөздер мен сөз тіркестері, мәтін талдауға түсті. «Күлкі» концептісімен байланысты сөздердің мағыналық

құрылымын талдауда семантикалық талдау әдісі кеңінен қолданылды. Белгілі бір құндылықпен байланысты қырын зерделеуде концептуалдық талдау әдістері пайдаланылды. Қазақ қоғамындағы күлкінің орны мен мәні туралы Абайдың берген бағаларын талдау барысында аксиологиялық бағыттың негізгі ұстанымдары басшылыққа алынып, әдістері кеңінен қолданыс тапты. Абай тіліндегі «күлкі» концептісінің ерекшеліктерін анықтауда басқа ақын-жазушылар тіліндегі күлкі ұғымымен байланысты сөздердің қолданысы салыстырмалы зерттеу нысаны ретінде қаралды.

Күлкі сөзінің тілдегі бағалаушы лексикамен тіркесуі арқылы берілетін бағалаушылық мағынасы және «күлкі» концептісінің аксиологиялық өрісі қарастырылады. Абай шығармаларында **күлкі** сөзінің **арзан – қымбат, шын – жалған** сияқты т.б. оппозициялық жұптармен тіркесіп келуіндегі сөздің лексика-семантикалық құрылымындағы семалардың көрініс табуы талданатын болады. Абай өз шығармашылығында күлкіге ерекше мән берген. Өзінің төртінші қара сөзінде күлкінің адам өміріндегі мәніне, қызметіне философиялық тұрғыдан қарап, ой қорытады. Сонымен бірге «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» сияқты т.б. философиялық өлеңдерінде күлкінің рухани-мәдени, әлеуметтік-этикалық құбылыс ретінде жан-жақты зерделеп, терең толғанады. Абай **күлкі – мастық, күлкі – қайғы** деп анықтайды. **Күлкінің** неге **мастық**, неге **қайғы** екенін негіздеп береді. Абай тілінде **күлкі** адамның шаттану, қуану сияқты психо-физиологиялық ахуалынан туындайтын психофизиологиялық құбылыс түрінде ғана сипатталып қоймайды. Яғни, «күлкі» концептісі сан қырлы, күрделі құбылыс ретінде көрініс береді. Күлкі адамның рухани-адамдық болмысымен тығыз байланыстағы психо-эмоционалды, әлеуметтік-мәдени, рухани-психологиялық құбылыс ретінде де ашылады.

НӘТИЖЕЛЕР

Абай өз шығармашылығында күлкінің адам өміріндегі мән-маңызы мен орнын нақты көрсетіп береді. Мысалы,

Жастықта бір **күлгенің** – бір қаралық,

Күлкі баққан бір көрер бишаралық.

Әуелі өнер ізделік қолдан келсе,

Ең болмаса еңбекпен мал табалық.

Осы шумақта Абай неге «**Жастықта бір күлгенің бір қаралық**» деген? Сондай-ақ келесі жолда «**Күлкі баққан** бір көрер бишаралық» дейді. Бір қарағанда, осы екі жолда қайшылық бар сияқты көрінеді. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» **қулу** етістігінің мағынасы 1.Адамның дауыс шығару немесе езу тартып жымия арқылы көңіл күйінің көтеріңкі болуын, қуануын, шаттануын білдіруі. 2.Әзіл-сықаққа айналдыру, мысқылдап әжуалау. Ауыспалы мағынасында: 3. Өмірді қамсыз-қаракетсіз, бақытта, шаттықта, сауықта өткізу» – деп, беріледі [7]. Сонымен бірге **күл-** түбірінен жасалған **күлкі** сөзінің де мағынасы осы ыңғайда түсіндіріледі. Қазақ тіліндегі «күлкі» концептісі психофизиологиялық және әлеуметтік-мәдени сипатына қарай әр түрлі сөз тіркестерін жасауға қатысады. **Күлкі** сөзінің барлық бояуымен, ұлттық-мәдени ерекшелігімен танылатын орны етістікті тірестер мен фразеологиялық бірліктер деп айтсақ, қателесе қоймаспыз. Мұндай тіркесте қазақ тіліндегі «күлкі» концептісінің сан-алуан қырлары ашылады. Мысалы, **күлкі етті, күлкі болды, күлкіге қалды, күлкіге айналдырды** сияқты тіркестерде тұлғаралық қатынастағы қалжың, әзілден бастап, әжуалау, мазақ қылу, кекету, мұқату, табалау бағалаушылық коннотациялары орын алады. **Күлкі бағу** – сөз тіркесінде **күлкінің** қуану, шаттану, қам-қаракетсіздік, уайымсыздық сияқты семалары жарыққа шығады. Қазақ ұғымында **күлкі болу** ар-абырды айырылу, намысы тапталу болып саналады. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының «Қайтқанда» тарауында бала Абайдың қарақшы болып, Байтас пен Жұмабаймен ойнаған оқиғасында **күлкі** концептісінің ұлттық бояуы анық көрінеді: «**Абай өзінен үлкен кісінің қорыққанына қатты ырза еді. Жұмабайдың неге ашуланғанын ұғып тұр. Қоңыр жүзі қызарып, төмен қарап қысыла күле беріп, бөркін айналдыра бастады. Кәдімгі «жолбасар**

ұрыларша шапан-бөркін айналдырып киіп, мұрны мен аузын қызыл орамалмен таңып алып, Жұмабайды қуғанда тағы сол ұрыларша, «даусымды танытпаймын» деп, мыңқылдап сөйлеп бұйрық берген. Байтас қорықса, қорықпаса да сыр алдырған жоқ.

Сондықтан, Жұмабайдың ашуын алыстан танып, **мәз болып күліп** келе жатып:

– Құла бестінің төбелін де жоқ қыпты, қарай гөр өзін! – деді.

Жұмабай да жаңа байқады. Бала бестінің төбелін саз балшықпен баттастырып тұрып сылап қойыпты. Жұмабай кісілікті кісі. О да **күлкі бола** бергісі келмейді. Енді бұ да уақиғаны ойынға айналдырғысы кеп, мысқылдап:

– Өй, ұқсамасаң тумағыр!» ұры Тобықты, ұры Тобықты!» деп Керей, Уақ зар қағады.

Қаршадай баласына шейін ұры болудың жәнін жете біліп тұр. Зар қақпай қайтсін Керей, Уақ! – деп өзі де **күлді**. («Абай жолы») Осы үзіндінің өзінде Жұмабайдың ашулануы, ұялуы күлкілі жағдайға қалуымен байланысты болып тұр. Сонымен бірге Жұмабайдың қорқынышы – **күлкі болу**, бұл жағдайдың көпшілік құлағына тиіп өзінің мазаққа қалуы болып отыр. Жоғарыдағы үзіндіде Абайдың күлуінде өзіне ризалық, үлкен адаммен қалжыңдасқанына ұялу және өзінің кінәсін жұмсарту мақсаты бар екені аңғарылады. Ал Байтастың **«мәз болып күлуінде»** Абайдың қылығына сүйсіну, астарында мазақ ету жоқ, жай ғана баланың қалжыңы екеніне назар аударту, Жұмабайдың ашуын басып, қақтығыстың алдын алу мақсатын көздеген.

Қазақ тілінде «күлкі» концептісі тек **күлкі** сөзімен шектелмейді. Абай шығармаларында «күлкі» концептісінің кең спектрі көрініс табады. Мысалы,

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға,
Шелтірейтіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға.

Осы шумақтағы **мәз болу** да – «күлкі» концептісіне жататын сөз. **Мәз болу** бір нәрсенің байыбына бармай, артын ойламай, алаңсыз шаттану, қатты қуанумен байланысты күлкіні білдіреді. Ұлықтың мақтағанына болыстың **мәз болуы** оның ақылсыз, ойсыздығын аңғартады. Ұлық не үшін мақтап жатыр, оның мүддесі қандай, мұның артында не тұр, залалы бар ма деп таразыға тартпайды. Негізі **мәз болу** – тек ақыл тоқтатпаған балаға ғана жарасымды. Сәбидің риясыз, алаңыз күлкісі десек болады. Баланың күлкісі оның когнитивтік, прагматикалық және тілдік дамуы туралы құнды ақпарат береді [8]. Абай «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы» өлеңінде:

Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.
Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,

Жарқ-жүрқ етіп ілінер көк дауылпаз. - деп, көктем күніне қуанған баланың шаттығын суреттейді. Сондықтан баланың күлкісін басқа аспектіде қарастыру керек болады. Ал енді ересек адамға қатысты мәз болу сөзі қолданылған жағдайда, оның эксперссивті-эмоционалдық мағынасында мысқыл кекесін мен жағымсыз коннотация жатады. Абайдың бағалауында болыс парықсыз, мақтаншақ, есірік адам түрінде көрінеді. Ал, «Ұяламын дегені көңіл үшін» деген өлеңінде:

Өзің үлкен, қылығың – бала-шаға,
Балаша мәз боп жүрсің тамашаға.
Әкесі ұрысса балаға, ол да – достық,
Баласы ұрысса әкеге, жараса ма? – дейді.

Үлкен адамның **«балаша мәз болуын»** ашық сынға алады. Мәнмәтінге сәйкес мәз болу құранды етістігінің қолданылуында кейіпкердің ойсыз, жеңілтектігін көрсететін бағалауыштық мағына жарыққа шыққан. Бір жолда **үлкен – бала-шаға** шендестіріле қолданылуы контраст тудырып бағалауыштық коннотацияны күшейте түседі. Сол арқылы ересек адамның орынсыз күлкіге әуес болуы оғаш қылық екенін көрсетеді. Тіпті осы берілген мағыналары тұрғысынан қарағанда да, Абайдың **«күлкісі»** ерекшеленіп тұрғанын байқаймыз.

Жігіттер, **ойын арзан, күлкі қымбат,**

Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік

Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.

Абай осы шумақта *күлкінің* екі түрін көрсетеді: 1) *арзан, жалған күлкі*; 2) *шын күлкі*.

Ойын мен *күлкі, сыр* мен *сымбат* бір-біріне қарама-қарсы қойылып шендестіріледі. *Күлкі, ойын* сөздерінің мәнін ашу үшін олармен параллель алынып тұрған *сыр* және *сымбат* сөздерінің мағыналарына зер салайық. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: *Сыр*. 1. Әркімнің өзіне тән, басқа адамға белгісіз құпия ойы, пікірі [9, 536]. Абай тілінде сыр сөзінің осы сөздікте берілген мағынада қолданылуы да кездеседі. Мысалы, Көзге бүкір, қайраты – болат қырлы, Сақтап жүрген секілді бұл бір *сырды*. Осы жолдарда *сыр* – басқа адамға белгісіз құпия мағынасында қолданылған. құпия, «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде»: «Сыр - «жан, жүрек», «құпия». Тілімізде екінші мағынасы орныққан, «істің мән-жайы, жапсары» деген ауыспалы ұғымда да қолданылады» [10, 480]. Парсы тілінен енген *сыр* сөзінің сөздікте көрсетілген «жан, жүрек» мағынасында қолданылуы, өкінішке орай, «Абай тілінің сөздігінде» де белгіленбеген. Ал «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде *сыр* сөзі осы «жан, жүрек» мағынасында келген. Яғни, *сыр* – ішкі мазмұн, *сымбат* – сыртқы форма. Өйткені *сыр* адамның жан дүниесімен байланысты болса, сымбат сырт келбетімен байланысты болады. Демек, *ойын* – сыртқы көрініс те, *күлкі* – ішкі мән-мазмұн. *Ойынды сымбат* сөзімен байланыстырып қарасақ, лексикалық мағынасындағы әзіл-қалжың үшін жорта түр жасау, сүйімді көріну үшін түрін өзгерту, құбылту деген сияқты семалары жарыққа шығады. Абай *шын күлкіні* адамның жан дүниесімен, ал *жалған күлкіні* сыртқы көрініс ретінде қарайтынын байқаймыз. Бұл ойға екінші жолда *сыр мен сымбаттың* қарсы қойылуынан аңғаруға болады. Осы шумақта *арзан* сөзінің бағалауыштық мағынасы ерекше көңіл аудартуы қажет етеді: бірінші жолда *ойын арзан* деп, *ойын* сөзімен тіркесіп келеді. Ал үшінші жолда *арзан, жалған күлмеу* сөз тіркесін көреміз. *Арзан* сөзі өзінің заттық мағынасында бағасы төмен ұғымында келеді. Әр түрлі тіркестерде *арзан сөз, арзан күлкі, арзан намыс, арзан той, арзан бата* сияқты т.б. *арзан* сөзі пайдасыз, бағасыз, жалған сияқты ауыспалы мағыналарға ие болады. Демек *арзан, жалған күлмеу* сөз тіркесінен *арзан, жалған* күлкінің де бар екенін түйсінеміз. Ендеше *ойын арзан – күлкі арзан*. Егер ол *шын күлкі* болмаса. *Арзан күлкі* қандай, *қымбат күлкі* қандай екенін Абайдың ақылына қоңсы қонбай, анықтай алмаймыз. Міне, Абайдың өлеңі замандастарына, замандастары ғана емес, дайындығы аз біздің замандастарымыз үшін де түсініксіз болуының бір себебі осындай мәселелерде жатыр.

Орын таппай баптанба,

Құмарланып шаттанба,

Ойнап босқа күлуге.

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз.

Шаттану, ойнау, күлу үшеуі де «күлкі» концептісімен байланысты болып тұр.

Сонымен бірге өмірде өз орнын табуға кедергі келтіретін құмарлықтың көрінісі ретінде қаралады. Абай адам баласының ойнап күлуге құмарлануы ғылым-білім ізенуден ғана емес, еңбек етуден де тыятынын байқаған. Сондай-ақ адамның рухани болмысына зиян келтіретін бес дұшпан – *өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ* сияқты антиқұндылықтардың бастауында күлкі тұр. Өйткені ойын-күлкі ертеңгі күнін ойламайтын қамсыздыққа алып келеді. Қазақ қоғамында *ойнап-күлу* бейбіт заманның көрінісі ретінде де қаралады. Мысалы,

Еділдің бойын ен жайлап,

Шалғынға бие біз байлап,

Орындықтай қара сабадан

Бозбаламен *күліп-ойнап,*

Қымыз ішер күн қайда?!

(Доспамбет жырау)

Доспанбет жырау жаугершілік заманда «Бозбаламен *күліп-ойнап*» алаңсыз қымыз ішіп отырған бір сәтті арман етеді. Бұл жерде «күлкі» концептісін тарихи-мәдени мәнмәтінде қарауымыз керек. Доспанбет жырау өмір сүрген 16 ғасырда ел ішіндегі аауыздық, сыртқы жаулармен соғыс бейбіт күннің қарапайым қуаныштарын арманға айналдырған. Сондықтан ойнап-күлу құндылық ретінде көрініс береді. Күлкінің антиқұндылық ретінде қаралуы да қазақ дүниетанымында орын алған. Мысалы, «Малсызға малға балап ұйқы береді, *арсызға* арға балап *күлкі* береді» деген мақалдың мәнісіне үңілсек, күлкішілдікті арсыздықтың белгісі ретінде қарап тұр. Ұйқышылдықтың салдары – малсыздық, кедейлік. Демек, ұйқыға құмарлық жалқаулықтың, жан тыныштығын ойлаудың бір қыры болып тұр. Онымен шендестіріліп тұрған күлкішілдіктің салдары – арсыздық. Күлкінің құмарлығына түсіп алған адам ар-абыройды, ұятты ойлай алмайды. Сонымен бірге «Ұйқы арсыз, күлкі арсыз, тамақ арсыз» деп ұйқыны үш арсыздың қатарына жатқызады. Яғни, тамақ ішу, ұйықтау сияқты күлкі де адамның табиғи қажеттіліктерінің бірі ретінде саналады.

Абай күлкішілдіктің ауыр зардабын өз өлеңдерінде қатты сынға алып, теріс бағалайды. Мысалы,

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды —
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз.

Абайдың бағалауында күлкішілдік наданның бір сипаты екенін көреміз. Алғашқы өлең жолдарымен байланыстыратын болсақ, ойын-күлкіге құмарлық адамның өмірде өз орнын таппай қалуына, надандыққа алып келеді. Салдарында *күлкішіл кердең наданға* айналады.

Шәкәрім өзінің «Жастарға» өлеңінде жастарды Абайдың ақылына жүгінуге, айтқанына құлақ асуға шақырады. Қазақ қоғамындағы Абай сынаған мінездерге тоқтала келе, күлкіні де назардан тыс қалдырмайды.

Білмегенді білуге тырысалық!
Жалқаулықты көңілден сырысалық!
Босқа күлген күлкіні күйлемелік!
Шын ақылға мойынды бұрысалық!

Шәкәрім осы өлеңінде Абай айтқан өлеңнің екі сипатын айтып өтеді. Бірі, «*босқа күлген күлкіні күйлеу*» ойын-күлкінің соңына түсіп, бос уақыт өткізу. Екінші, күлкі болмау мәселесі қозғалады. Яғни, білім, өнер іздеп, басқалардан қалмай алға ұмтылуды насихаттайды. Шәкәрім Абайдың сөздерін, сөз оралымдарын қолдану арқылы не мәселе туралы айтып отырғанына меңзейді. Кейбір сөздік қолданыстар Абайдың өлеңдерін оқығанда мағынасы нақтылана түседі. Шәкәрім Абайдың өзіне айтқан сынын да келтіреді: «Бізге де біразырақ айтқаны бар, «*Кұр қылжақтай* берме, – деп, – *босқа күліп*». Осы мәтіндегі *қылжақтау* етістігінің мағынасы Абайды оқығанда анықтала түседі. Абайда *қылжаң, қылжақбас, қылжаңдау* сөздері – қылжақтау сөзімен түбірлес. Сонымен бірге «күлкі» концептісінің аясына кіреді. *Қылжақтау* мен *қылжаңдау* сөздері тек түбірлес қана емес, мағыналық жақтан да жақын. Біреуге күліп қалжың айту деген мағынаны білдіреді. Әрі бағалауыштық, экспрессивті-эмоционалды мағыналары күшті. Күлкі-қалжыңның барынша жағымсыз, орынсыз қырын көрсетеді. Экспрессивті-эмоционалды бояуы негативті, сүйкімсіз тіпті жиіркенішті деуге болады. Мысалы,

Үйде отырса салбырап,
Түзге шықса албырап,
Кісіні көрсе *қылжаңдап*,

Қалжыңшылысы ыржаңдап,

Өз үйінде қипаңдап,

Кісі үйінде күй таңдап.

Мәтіндегі **қылжаңдап, қалжыңшылысы, ыржаңдап** сөздері түйдегімен келгенде, бағалауыштық әсері күшейе түседі. **Қылжаңдау** мен **ыржаңдау** сөздері бағалауыштық реңкі, экспрессивті-эмоционалды бояуы тұрғысынан өзара сәйкес екенін көреміз. Екеуінде де күлкінің жағымсыз бағалауыштық реңкі анық танылады әрі бір мәнмәтінде келгенде бірін-бірі күшейтеді. Ал **қалжың, қалжыңшыл** сөздерінің бағалауыштық мағыналары бір мәнді теріс бола бермейді. Ал **қалжыңшылысы** дегенде, **-сы** жұрнағы өзі жалғанған сөзге негативті бағалауыштық мағына үстеген. Профессор Р. Сыздық Абай тілінде **-сы** жұрнағының белсенді қолданылғанын айта келе, осы жұрнақпен сөз жасау бір жағынан стильдік мотивпен ұштасқанына тоқталады [11, 156]. **-сы** жұрнағы өзі жалғанған сөз өзінде жоқ сын-сапаны жорта өзінде бар сияқты қылып көрсеткен адамға қатысты қолданылады: **білгішсі, ақылдымсы** – білмейді, бірақ өзін білетін адам сияқты көрсеткісі келеді, етістікке жалғанғанда **аяғансы, уайымдағансы** сияқты т.б. етістік негіз білдіріп тұрған амал-әрекет, қалып-күй шын мәнінде жүзеге аспағанын, жорта, тек иммитация жасалғанын білдіреді. Сөйлем ішінде келгенде, субъектінің бойында ол қасиеттің жоғын, ол амалды орындамағанын көрсетіп тұрумен қатар жалғаншы, екіжүзді екенін де айғақтайды. Абай да **-сы** жұрнағын екіжүзділер мен мақтаншақтарды әшкерелеу үшін өнімді қолданады. **Қалжыңшылысы** сөзіне **-сы** жұрнағы жалғанғанда жағымсыз экспрессия күшейген. Әрі **қылжаңдап, қалжыңшылысы, ыржаңдап** үш етістік де көсемше тұлғасында келгенде, субъектінің болмысы, жағымсыз бейнесі оның қалып-күйінің құбылыс динамикасын беруге қызмет еткен. **Қалжыңшылысы** дегенде ол адамның негізі қалжыңдайтын адамын да, орнын да білмейтіні, дөрекі, әдепсіз екені аңғарылады.

ТАЛҚЫЛАУ

Абай шығармашылығында «күлкі» концептісінің аспектологиялық сипаты аса күрделі болып келеді. Абайдың тілінде «күлкі» концептісі әрі жағымды, әрі жағымсыз құбылыс ретінде көрінеді. Мұның өзі, бір қарағанда, қайшылық сияқты әсер қалдырады. Абай күлкінің өзін емес, оның туындау себептерін, әлеуметтік көрінісін сынға алады.

Нигерия студенттерінің пікірталас кезінде күлкіні пайдалануын зерттеген ғалымдар мынандай тұжырым жасаған: топ күлкіні басқа топты әжуалау, өз топтарының ауызбірлігін арттыру, өздерінің немесе басқа топтың тілдеріндегі олқылықтарды көрсету және пікірталас барысында өз беделдеріне келетін сынды жұмсарту мақсатында пайдаланады [12]. Абай өзінің «Күлембайға» деген өлеңінде «қалжыңдаймын әшейін» деп күлкі қылуын жай қалыжың деп жұмсарта түскендей көрінгенмен, «оған келе де бермес шамаң да» деп ащы кекесіннің уытын арттыра түседі. Абай күлкіні кекесін тудыру үшін пайдаланған. Ондағы мақсат қоғам күлкіге қалмау үшін жаман әдеттен бас тартады деп санаған.

Әлеуметтік-коммуникативтік құбылыс ретінде күлкінің өзіндік қызметі бар. Әр түрлі қақтығысты жағдайда күлкіге қатысты өзара байланысты, бірақ реляциялық әр түрлі мәселелер орын алады: жеке тұлғалық деңгейде «абыройын сақтау», өзара әрекеттесуде «қарым-қатынас динамикасын сақтау» үшін де күлкі пайдаланылады [13]. Жастардың күлкіге құмарлығының астарында басқалардың өзіне көңілін аударту, ортаға сүйкімді, жұғымды көріну мақсаты жатыр. Сондай-ақ қалжың, күлкі арқылы ықпалды, бай-жуандарға жағыну, содан пайда көру сияқты пиғыл да танылады. Мұндай жағдайда өзінен әлсіз әжуалап, мазақ қылудан да тайынбайды.

Абай **күлкі** мәселесіне өзінің төртінші қара сөзін арнаған. **Күлкіні** жеке бір мәселе ретінде көтеруі ерекше мән бергендігін көрсетеді. Күлкінің табиғаты және адам өміріндегі мәні туралы тереңнен толғап, философиялық ой қорытады. Өзінің төртінші қара сөзінде: «Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ, ол өзі де - бір антұрғандық. Және әрбір жаман кісінің қылығына **күлсең**, оған рахаттанып **күлме**, ыза

болғаныңнан **күл, ызалы күлкі** – өзі де **қайғы**. Ондай **күлкіге** үнемі өзің де салынбассың, әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына **рахаттанып күлсең**, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын **ғибрат** көріп **күл**. Әрбір **ғибрат** алмақтың өзі де мастыққа жібермей, уақытымен тоқтатады. Көп **күлкінің** бәрін де мақтағаным жоқ, оның ішінде бір **күлкі** бар-ау, құдай жаратқан орныменен **іштен, көкіректен, жүректен** келмейді, қолдан жасап, сыртыменен бет-аузын түзеп, бай-бай **күлкінің әнін сәндеп, әдемішілік үшін күлетін бояма күлкі**». Абай күлкіні жан тебіренісі, шамырқанған сезімнің сыртқы көрінісі ретінде қарайды. Абайдың **ызалы күлкісі** қандай? Ол неге **қайғы** болады? Ол адамға деген сүйіспеншіліктен, жанашырлықтан туатын **қайғы** болса керек. Бұл жердегі **күлкі** басқа адамға өзінің жан сырын сездірмеу үшін, адамға деген жанашырлықтан оның лайықсыз қылығынан туындаған қайғыны жүрекке батырмау үшін қалқан болатын **күлкі** дей аламыз. Сол сияқты «жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып **күлсең**, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп **күл**» – қызғаныш, көре алмаушылықтан ада, сүйісінуден, ризашылықтан туған **күлкі**. Міне, осы **күлкі** – «іштен, көкіректен, жүректен» шыққан **шын күлкі**. Күлкінің «құдай жаратқан орны» жүрек болып тұр. Ал **жалған күлкі** – **арзан, бояма күлкі**. Адамның жанына, адами болмысына пайдасы жоқ, ойын-сауық, көңіл көтеруден, басқаға сүйкімді көріну үшін «бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін сәндеп, әдемішілік үшін» сырт сымбатын түзеген арзан, жалған күлкі болады. Мұндай күлкі адамның жүрегін қатайтып, көргенінен ғибрат алудан тыяды.

Бір ғана «күлкі» концептісіне үңіліп, ізерлейтін болсақ, тілдегі концептілер оқшау қалмай, бір-бірімен тығыз байланыста болатынын көреміз. «Күлкі концептісінің құндылық бөлігі іс-әрекетті, фактіні, шындық болмыс құбылыстарын теріс бағалаудан бастап, бейтарап және оң бағалауға дейін құбылып тұрады. Оған субъективті фактордың қатысуы, сондай-ақ халықтың дамуындағы ұлттық-мәдени және тарихи ерекшеліктер шешуші мәнге ие болады» [14]. Абай шығармашылығындағы «күлкі» концептісі де аксиологиялық тұрғыдан алғанда теріс те, оң да бағаланған. Сонымен бірге бағалаушытық реңкі бейтарап та болып келіп отырады. Ақын күлкіге баға беруде оның туындауына себеп болған факторларға терең үңіледі.

Сонымен қайта мына жолдарға оралатын болсақ:

Жастықта бір **күлгенің** – бір қаралық,

Күлкі баққан бір көрер бишаралық.

Осы екі жолдағы **күлкі** бір-біріне тең емес. Жастықта риясыз, достық, ақ көңілден туған **күлкі** – бір қаралық. Ол – **шын күлкі**. Яғни, **қымбат күлкі**. Ал **күлкі бағу** ойын-сауықтың, көңіл көтерудің соңына түсіп, өнер-білімнен құр қалу, бұл – **жалған күлкі**. Бір қарағанда, күлкі бейкүнә болып көрінгенмен де, әлеуметтік құбылыс ретінде жағымсыз сипат алуы қоғам үшін зиянды болуы мүмкін. Абай әлеуметтік коммуникациядағы, мінез-құлықтағы күлкінің осындай қайшылықты сипатын анық танып, сынға алады. Ақын тіліндегі **күлкі бағу** сөз тіркесінде қам-қарекетсіз, уайымсыз қуаныш, шаттықтың соңына түсу мағынасымен бірге, қарым-қатынаста күлкіні арам пиғылдың құралына айналдырып алған алаяқтық та аңғарылады. Өйткені **бағу** амал-әрекетінің нәтижесі өсіру, көбейту болмақ. Мысалы, **бала бағу, мал бағу** сөз тіркестерінде жағымды аксиологиялық мән бар. Ал **күлкі бағуда** мұндай нәтижелілікті көре алмаймыз, керісінше, шектен асу, мөлшерді білмеу мағыналары көрініс береді.

Абайдың кейбір шығармаларында «күлкі» концептісі көңіл қошы, қуаныш-шаттықтың психофизиологиялық көрінісі ретінде көркем образды эстетикалық үйлесімді толықтырып тұрады. Мысалы,

Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп **сыңқылдап**.
Мал ішінен айналып,
Көңілі жақсы жайланып,
Бай да келер ауылға,

Аяңшылы жылпылдап;
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, **күліп сылқылдап**.

«Жаз» өлеңінен алынған осы үзіндіде **сыңқылдап, күліп, сылқылдап** сөздері «күлкі» концептісінің тілдік берілісіндегі экспресивті-эмоционалды әсері тұрғысынан бояуы ең қанық әрі эстетикалық жоғары талғаммен таңдалған. Сылқылдау етістігі судың ағысымен байланысты: «*Секірген таудан аққан ерке бұлақ Сылқылдап, бұраң қағып, тасты тербеп.*» Сонымен бірге әзілдесіп рахаттана күлу мағынасы да бар. Ал **сыңқ-сыңқ күлу, сыңқылдау** қыз-келіншектердің назды, әдемі күлкісін білдіреді. Сонымен бірге қазақ тілінде аққудың үнін де **сыңқылдап** деп айтады. Өлеңде жазғы табиғат сұлулығы, жайлауға қонған елдің шатшадыман тірлігі, қуаныш күлкісі үйлесім тапқан. Абайдың «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы» өлеңінде «күлкі» концептісінің тілдік көрінісі **күлу, күлімдеу, мәз, жадырау** сөздерімен беріліп, жазғытұрымғы табиғаттағы, тұрмыстағы, көңіл-күйдегі өзгерістер оң бағаланады. Бүкіл өмірі көшпелі мал шаруашылығымен байланысты қазақ халқы үшін қыстың қысымы кетіп, көктемнің шығуы өте үлкен қуаныш екені белгілі. Осыған орай «күлкі» концептісінің де бағалауы оң құндылық ретінде көрініс береді. Ал «Күз» өлеңінде жаз суреттеріне қарама-қарсы жағдайды көреміз. Мысалы,

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар **күлмес**, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.

Осы шумақта **күлу** етістігі болымыздық жұрнағымен келген. Сондай-ақ «**Жасыл шөп, бәйшешек жоқ**» деп болымсыздық мағынада беру арқылы жаз бен күзді, жастық пен кәрілікті бір-біріне қарама-қарсы қойып, шендестірілген. Абай қазақ танымындағы «күлкі» концептісінің қарапайым тіршілік қуанышының, көңіл тоқтығы мен, жайлы өмірдің атрибуты екенін жоққа шығармайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Абай тілінде «күлкі» концептісі қазақ дүниетанымы мен мәдениетінде, менталитетінде қалыптасқан арнада да қолданылады. Әрі ол арнаны кеңейтіп, тереңдетіп те әкетеді. Күлкі өзі не нәрсе, қандай құбылыс дегенде, оның психологиялық, рухани, мәдени табиғатын танытады. Осы арқылы сөз де, тіл де, дүниетаным да байи түседі. Абай тілінде «күлкі» концептісі екіжақты құбылыс ретінде қаралады. Күлкі – антиқұндылық: Абайша айтқанда, **арзан күлкі** және **бояма күлкі**. **Арзан күлкі** – сауық-сайран, шаттықпен уақыт өткізуге салынудың көрінісі. Ғылымда философиялық-аксиологиялық тұрғыдан гедонизм терминімен белгіленеді. **Бояма күлкі** – ортасына сүйкімді болу, басқалардың көңілін аударту үшін күлудің көрінісі. Әлеуметтік-коммуникациялық мақсаттағы теріс пиғылды танытады. Аксиологиялық тұрғыдан мұндай күлкі екіжүзділік, пайда көру, жағымсу үшін манипулятивтік, алдау-арбауды көздегендіктен теріс бағаланады. Құндылық ретіндегі күлкі – **шын күлкі**. Ол адамның рухани болмысымен байланысты. Яғни, адам болмысындағы рухани тебіреністің сырт көрінісі деп білу керек. Күлкі адамның күйінуіне де сүйінуіне де жамылғы болуы мүмкін. Басқа біреудің адамға лайықсыз қылығын көргенде аяушылықтан жаны күйіп уайым-қайғыға түсіп кетпеу үшін күлкі қорғаныш болады. Адамның жақсылығын көргенде шаттану, рахаттану сезімін сыртқа шығару үшін күлу бар. Абай күлкіге тек психо-физиологиялық реакция, адамның шаттану сияқты эмоциясының көрінісі түрінде қараумен шектелмейді. Күлкіге ерекше әлеуметтік-философиялық құбылыс, адам болмысының, рухани-психологиялық әлемінің көрінісі ретінде қарайды. Абайдың **шын күлкісінің** өзі екі түрлі: біріншісі – қоғамды жайлаған күншілдік, дүниеқұмарлық, қулық, пайдакүнемдік дертіне шалдыға қоймаған таза жүректі жастардың адал, сырлас, тілектес көңілдерінен шыққан

қымбат күлкі; екіншісі – Абай айтқан толық адамдың рухани сүйіспеншіліктен туған **ызалы күлкісі, гибраттану күлкісі.** Рухани кемел адам ғана басқаның жамандығына күйініп, жақсылығына сүйіне алады. Ал шын күлкі болса сол сүйініш-күйініштің жамылғысы болады. Аксиолингвистикалық тұрғыдан зерттеу Абай шығармашылығын басқа қырынан қарап, терең тануға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық құндылығы бірнеше бағытта айқындалады. Біріншіден, ұсынылған аксиолингвистикалық талдау тәсілі қазақ тіліндегі бағалауыштық семантиканы, концептілік құрылымды және ұлттық дүниетанымның тілдік репрезентациясын сипаттауда қолданылуы мүмкін. Екіншіден, Абай шығармаларындағы «күлкі» концептісінің аксиологиялық жіктелуі көркем мәтінді интерпретациялауда, поэтикалық мағынаның терең қабаттарын ашуда және авторлық бағалау жүйесін анықтауда әдебиеттанулық талдауға әдістемелік негіз болады. Үшіншіден, алынған тұжырымдар қазақ мәдениетіндегі күлкі феноменінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, әлеуметтік мінез-құлық нормаларын және құндылықтар жүйесін зерделеуде, сондай-ақ лингвомәдени және мәдениетаралық зерттеулерге материал бола алады.

Мақаланың аннотациясын аудару, ГОСТ-қа сәйкес әдебиеттер тізім түзу, латын әріпіне негізделген нұсасын әзірлеу кезінде жасанды интеллект пайдаланылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Милованова М.С. и др. Общая и русская лингвоаксиология: коллективная монография, – М. – Ярославль: Издательство «Канцлер», 2022. – 390 с.
 - 2 Гальперин И. Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Издательство «Наука», 1981. 144 с.
 - 3 Abdug'affarova Gulhayo Abdug'affar qizi. Main notions of axiological linguistics. (2025). *Western European Journal of Linguistics and Education*, 3(06), 1-2. <https://westerneuropenstudies.com/index.php/2/article/view/2583>
 - 4 Вольф Е. М. Функциональная семантика оценки. Изд. 2-е, доп. – М.: Издательство «Едиториал УРСС», 2002. – 280 с.
 - 5 Уәли Н. М. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. док. дисс. автореф. – Алматы, 2007 ж. – 52 б.
 - 6 Куприянова Н. С. Ассоциативное поле концепта «смех» в русском языке // *Известия Пензенского государственного педагогического университета им. В. Г. Белинского*. №4(8). 2007. – С 52-55.
 - 7 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.8. – Алматы: «Арыс», 2007.– 744 б.
 - 8 Mazzocconi, C. and Ginzburg, J. (2023), “Growing up laughing: Laughables and pragmatic functions between 12 and 36 months”, *Journal of Pragmatics*, vol. 212, July, pp. 117–145.
 - 9 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.13. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2010. – 752 б.
 - 10 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы», 2019. – 596 б.
 - 11 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Т.1. – Алматы: «Ел шежіре», 2014. – 384 б.
 - 12 Aboh, S.C. and Ladegaard, H.J. (2025), “Laughter and language attitudes in students’ discussions about language use in Nigeria”, *Language and Communication*, vol. 100, pp. 46–59, <https://doi.org/10.1016/j.langcom.2024.11.008>.
 - 13 Du, P. (2022), “Shared laughter as relational strategy at intercultural conflictual workplace interactions”, *Journal of Pragmatics*, vol. 188, pp. 39–55, <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2021.11.016>.
 - 14 Zhukova, E.Y. (2022), “Analysis of the axiological component of the concept laughter in the Russian language picture of the world (on the material of proverbs, lexicographic and corpus data)”, *Tomsk State Pedagogical University Bulletin*, issue 3(221), pp. 23-33. <https://doi.org/10.23951/1609-624X-2022-3-23-33>
- Материал 28.12.2025 баспаға түсті

Аксиологическая характеристика концепта «смех» в языке Абая

К.Т. Бибеков¹, Л.М. Оразгалиева², Г.Ж. Мауленова²

¹АОО «Назарбаев интеллектуальные школы», Казахстан, 010000, Астана

²Astana IT University, Казахстан, 010000, Астана.

В статье осуществляется аксиолингвистический анализ репрезентации концепта «смех» в языке Абай Кунанбаев, раскрываются его смысловые и ценностные аспекты, а также критическая оценка смеха в контексте казахского общества, представленная в авторской картине мира поэта. Основным объектом исследования является семантическая структура концепта «смех» в языке Абая и его культурно-аксиологическая нагрузка. В ходе исследования выявляются физиологические и социально-культурные характеристики концепта «смех» в казахском языке, определяется место и значение смеха в мировоззрении Абая сквозь призму оценочных категорий. При анализе феномена смеха в поэтическом и философском наследии Абая методологической основой послужили ключевые положения аксиологического направления в лингвистике. Для выявления смысловой структуры лексем, связанных с концептом «смех», были применены методы семантического и концептуального анализа. Результаты исследования доказывают, что в языке Абая концепт «смех» репрезентируется как двуединое (антиномическое) явление. С одной стороны, смех осмысливается как антиценность. К данной группе относятся подвергаемые поэтом критике «дешёвый смех» и «наигранный смех». Дешёвый смех интерпретируется как проявление склонности к праздному времяпрепровождению, легкомысленному веселью и бессодержательному расходованию времени, тогда как наигранный смех рассматривается как искусственное поведенческое действие, направленное на заискивание, привлечение внимания окружающих и создание внешней привлекательности. В аксиологическом плане подобные формы смеха соотносятся с двуличием, корыстной мотивацией и манипулятивными намерениями и, соответственно, получают отрицательную оценку. С другой стороны, смех представлен как ценность, соотносимая с понятием «истинного смеха». Истинный смех трактуется как естественное проявление внутреннего духовного состояния человека, как внешнее выражение глубинного душевного переживания, обладающее положительным аксиологическим значением. Полученные результаты могут быть использованы в научных исследованиях в области аксиолингвистики и лингвокультурологии. Кроме того, статья вносит вклад в развитие лингвистических аспектов абаеведения и формирует теоретическую основу для дальнейшего изучения оценочных концептов в казахском языке.

Ключевые слова: аксиолингвистика, концепт, смех, ценность, антиценность, лексема, семантика, оценка.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Милованова М.С. и др. Общая и русская лингвоаксиология: коллективная монография, – М. – Ярославль: Издательство «Канцлер», 2022. – 390 с.
- 2 Гальперин И. Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Издательство «Наука», 1981. 144 с.
- 3 Abdug'affarova Gulhayo Abdug'affar qizi. Main notions of axiological linguistics. (2025). Western European Journal of Linguistics and Education, 3(06), 1-2. <https://westerneuropianstudies.com/index.php/2/article/view/2583>
- 4 Вольф Е. М. Функциональная семантика оценки. Изд. 2-е, доп. – М.: Издательство «Едиториал УРСС», 2002. – 280 с.
- 5 Уали Н. М. Теоретические основы культуры казахской речи: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. – Алматы, 2007. – 52 с.

- 6 Куприянова Н. С. Ассоциативное поле концепта «смех» в русском языке // Известия Пензенского государственного педагогического университета им. В. Г. Белинского. №4(8). 2007. – С 52-55.
- 7 Казахский литературный словарь. Т. 8. – Алматы: издательство «Арыс», 2007. – 744 с.
- 8 Mazzocconi, C. and Ginzburg, J. (2023), “Growing up laughing: Laughables and pragmatic functions between 12 and 36 months”, *Journal of Pragmatics*, vol. 212, July, pp. 117–145.
- 9 Казахский литературный словарь. Т. 13. – Алматы: издательство «Казахская энциклопедия», 2010. – 752 с.
- 10 Словарь заимствованных слов казахского языка. – Алматы: «Национальное бюро переводов», 2019. – 596 с.
- 11 Сыздыкова Р. Язык произведений Абая. Т. 1. – Алматы: издательство «Ел шежіре», 2014. – 384 с.
- 12 Aboh, S.C. and Ladegaard, H.J. (2025), “Laughter and language attitudes in students’ discussions about language use in Nigeria”, *Language and Communication*, vol. 100, pp. 46–59, <https://doi.org/10.1016/j.langcom.2024.11.008>.
- 13 Du, P. (2022), “Shared laughter as relational strategy at intercultural conflictual workplace interactions”, *Journal of Pragmatics*, vol. 188, pp. 39–55, <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2021.11.016>.
- 14 Zhukova, E.Y. (2022), “Analysis of the axiological component of the concept laughter in the Russian language picture of the world (on the material of proverbs, lexicographic and corpus data)”, *Tomsk State Pedagogical University Bulletin*, issue 3(221), pp. 23–33, <https://doi.org/10.23951/1609-624X-2022-3-23-33>

Материал поступил в редакцию журнала 28.12.2025

Axiological characteristics of the concept of “laughter” in abay’s language

K. Bibekov¹, L. Orazgaliyeva², G. Maulenova²

¹AEO "Nazarbayev Intellectual Schools", Astana, 010000, Kazakhstan

²Astana IT University, Astana, 010000, Kazakhstan

The article presents an axiological and linguo-axiological analysis of the representation of the concept of “laughter” in the language of Abay Kunanbayev. It examines the semantic and value-based aspects of this concept, as well as the poet’s critical evaluation of laughter within the context of Kazakh society as reflected in his individual worldview. The main object of the study is the semantic structure of the concept of “laughter” in Abay’s language and its cultural and axiological load. The study identifies the physiological and socio-cultural characteristics of the concept of “laughter” in the Kazakh language and determines the place and significance of laughter in Abay’s worldview through the prism of evaluative categories. The analysis of the phenomenon of laughter in Abay’s poetic and philosophical heritage is grounded in the key principles of the axiological approach in linguistics. Methods of semantic and conceptual analysis are employed to reveal the meaning structure of lexemes associated with the concept of “laughter”. The results of the study demonstrate that in Abay’s language the concept of “laughter” is represented as a dual (antinomical) phenomenon. On the one hand, laughter is conceptualized as an anti-value. This group includes the forms of “cheap laughter” and “affected (feigned) laughter” criticized by the poet. Cheap laughter is interpreted as a manifestation of an inclination toward idle pastime, frivolous amusement, and meaningless expenditure of time, whereas affected laughter is viewed as an artificial behavioral act aimed at ingratiation, attracting the attention of others, and creating an appearance of attractiveness. From an axiological perspective, such forms of laughter are associated with duplicity, self-interest, and manipulative intentions and therefore receive a negative evaluation. On the other hand, laughter is presented as a value associated with the notion of “true laughter”. True laughter is interpreted as a natural manifestation of a person’s inner spiritual state and as an external expression of profound emotional experience, possessing a positive axiological significance. The findings of the study can be

applied in scholarly research in the fields of axiological linguistics and linguocultural studies. In addition, the article contributes to the development of linguistic approaches within Abay studies and provides a theoretical foundation for further research on evaluative concepts in the Kazakh language.

Key words: axiological linguistics, concept, laughter, value, anti-value, lexeme, semantics, evaluation.

REFERENCES

- 1 Milovanova, M. S. et al. (2022). *General and Russian Linguoaxiology: A Collective Monograph*. Moscow – Yaroslavl: Kanzler Publishing House, 390 p.
- 2 Galperin, I. R. (1981). *Text as an Object of Linguistic Research*. Moscow: Nauka Publishing House, 144 p.
- 3 Abdug'affarova, G. A. (2025). Main notions of axiological linguistics. *Western European Journal of Linguistics and Education*, 3(06), 1–2. <https://westerneuropeanstudies.com/index.php/2/article/view/2583>
- 4 Wolf, E. M. (2002). *Functional Semantics of Evaluation* (2nd ed., expanded). Moscow: Editorial URSS Publishing House, 280 p.
- 5 Uali, N. M. (2007). *Theoretical Foundations of the Culture of Kazakh Speech*: Abstract of Doctoral Dissertation in Philology. Almaty, 52 p.
- 6 Kupriyanova, N. S. (2007). The associative field of the concept “laughter” in the Russian language. *Proceedings of the Penza State Pedagogical University named after V. G. Belinsky*, No. 4(8), 52–55.
- 7 *Kazakh Literary Language Dictionary*. (2007). Vol. 8. Almaty: Arys Publishing House, 744 p.
- 8 Mazzocconi, C., & Ginzburg, J. (2023). Growing up laughing: Laughables and pragmatic functions between 12 and 36 months. *Journal of Pragmatics*, 212 (July), 117–145.
- 9 *Kazakh Literary Language Dictionary*. (2010). Vol. 13. Almaty: Kazakh Encyclopedia Publishing House, 752 p.
- 10 *Dictionary of Loanwords in the Kazakh Language*. (2019). Almaty: National Translation Bureau, 596 p.
- 11 Syzdykova, R. (2014). *The Language of Abai's Works*. Vol. 1. Almaty: El-shezhire Publishing House, 384 p.
- 12 Aboh, S. C., & Ladegaard, H. J. (2025). Laughter and language attitudes in students' discussions about language use in Nigeria. *Language and Communication*, 100, 46–59. <https://doi.org/10.1016/j.langcom.2024.11.008>
- 13 Du, P. (2022). Shared laughter as relational strategy at intercultural conflictual workplace interactions. *Journal of Pragmatics*, 188, 39–55. <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2021.11.016>
- 14 Zhukova, E. Y. (2022). Analysis of the axiological component of the concept “laughter” in the Russian language picture of the world (based on proverbs, lexicographic and corpus data). *Tomsk State Pedagogical University Bulletin*, 3(221), 23–33. <https://doi.org/10.23951/1609-624X-2022-3-23-33>

Received: 28.12.2025